

ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

Тілдің өзгеруі: уақыт кезеңдері.
3-бөлім

6-тарау. Тілді меңгеру





Тілдер кездейсоқтыққа, кірме сөздерге немесе әмбебап грамматиканың жалпы қағидаларына қатыссыз бір-біріне ұқсап жатса, біз оларды бір ата тілден тараған деп білеміз, яғни олар ата тілдерден лингвистикалық өзгерістер арқылы дамып шықты. Ағылшын, неміс, дат, норвег және швед тілдерінің негізгі сөздік қорындағы ұқсастықтарды кездейсоқ немесе кірме сөздер деуге олардың қатары тым көп. Осыған байланысты бұл тілдердің ортақ тегі бар, яғни олар протогерман тіліне жатады деген қорытындыға келеміз.

Қазіргі кезде протогерман тілдерінің жазба деректері жоқ және ол тілде ешкім сөйлемейді. Протогерман тілі – тілдік қасиеттері бұл тілде сөйлейтін ұрпақтардың арқасында анықталып, жартылай қайта жасалған тіл. Ортақ сөздік қормен қатар, герман тілдерінде дұрыс емес етістік сияқты ортақ грамматикалық сипаттар да бар. Атап айтсақ, *to be* етістігі, өткен дәрістерде сөз болған (көмекші) етістіктің орын ауыстыруы сияқты синтаксистік ережелер де осындай жақындықтың бір көрінісі. Бірнеше тіл туыстас болып келетінін білгеннен немесе сезгеннен кейін олардың ата тілін салыстырмалы қайта құру арқылы жартылай болса да анықтауға болады. Оны берілген қысқаша мысал арқылы салыстырмалы тәсілдің көмегімен көрсете аламыз.

Ағылшын, неміс және швед тілдерінде ер адамды» *'man'* /mæn/, *mann* /man/, *man* /man/ дейтінін байқаймыз. Бұл m-m-m және n-n-n дыбыстары үш тілде қатар сәйкесетінін көрсететін көптеген сөздердің бірі ғана. Осы мәліметке сүйене отырып, салыстырмалы тәсілдің көмегімен *mVn протогерман тілдеріндегі *man* сөзі екенін анықтай аламыз. V біз нақты біле алмайтын дауыстыны көрсетеді. Біле алмайтын дейтініміз, герман тілдерінде дыбыстардың айтылуының ұқсас екеніне қарамастан, фонетикалық тұрғыдан дауыстылар бір-біріне ұқсамайтын. Осыған байланысты, нақты дәлел болмаған жағдайда оларды қалай қалпына келтіруге болатыны белгісіз.

Протогерман тілінің көбін салыстырмалы дәлдікпен қайта құрастыра алатынымызға сенімді болғанымызбен, олардың барлығы болжамға негізделген, сондықтан көп нәрсе күңгірт күйінде қалып отыр. Салыстырмалы әдіске нақты көз жеткізу үшін біз оны француз, итальян, испан және португал сияқты роман тілдеріне қолданып көре аламыз. Олардың ата тілі – бәріміз жақсы білетін латын. Бұл тәсілді латын тілінің жазба деректеріне қатысты қолдана аламыз. Әр сөздің бастапқы дауыссызына көңіл аудара отырып, төмендегі деректерді қарап шығыңыз. Онда *ch* дыбысы французда – [ʃ], ал басқа тілдердегі *c* дыбысы онда – [k].

француз	итальян	испан	португал	ағылшын
cher	caro	caro	caro	'dear'
champ	campo	campo	campo	'field'
chandelle	candela	candela	candeia	'candle'

Салыстырмалы талдау әдісін қолдану арқылы лингвистер ықтимал туыстас тілдердегі дыбыстық сәйкестіктерді анықтай алады. Әрбір сәйкестік үшін олар ата тілдегі ықтимал дыбысты таңдап алады. Осылайша ата тілдің дыбыстық жүйесінің көбін қайта құруға болады және ата тілден пайда болған, кейіннен өзгеріске түскен әр тілдің даму барысында болған түрлі фонологиялық өзгерісті анықтай аламыз. Төрт роман тіліне қатысты қолданылған бұл тәсілді «басымдық ережесі» деп атайды. Бұл ережеден маңыздырақ қағидалар да бар. Қандай да бір фонологиялық өзгерістердің болу мүмкіндігі сарапшылардың өте аз сәйкес келетін немесе мүлдем сәйкес келмейтін дыбыстарды анықтауына ықпал етеді.

Тарихи тәсіл дегеніміз – тілдің немесе тілдік топтың тарихын зерттеудің бір ғана жолы емес. Бұл тәсіл кейбір сұрақтарға жауап бере алмайды, өйткені, мәлімет жетіспейді немесе қайта құру тәсілі оған жарамайды. Мысалы, Шекспир, Чосер немесе Беовульфтың авторлары сөйлеген ағылшын тілі қандай болды?

Салыстырмалы тәсілде көптеген мәселе ашылмай қалады, өйткені, бізге нақты мәлімет беретін жазба деректер жоқ. Ертеден жеткен көптеген құжат зерттеледі. Жеке адамдардың хаттары мұндайда керемет мәлімет көзі бола алады. Лингвистер әдетте сөзді айтылуы бойынша жазатын адамдардың хаттарын зерттегенді ұнатады. Мысалы, бір кездері ағылшын тіліндегі түбірінде ег жалғауы бар сөздер *ar* дыбысы бардай оқылатын. Оны қазіргі британдық ағылшыннан да байқауға болады. Онда *clerk*, *derby* сияқты сөзде «*clark*», «*darby*» деп оқылады. Сауатты жаза алмайтын кейбір адамдар *perfect* сөзінің орнына *parfet* деп жазатын, бұл



лингвистерге сөздің бұрынғы айтылуын анықтауға көмектеседі. Сол кездегі прескриптивті грамматика өкілдерінің жазбалары да біраз құпияның бетін ашады. 1550–1750 жылдар аралығында орфоэпистер деп аталған ғалымдар ағылшын тілінің «тазалығын» сақтап қалуға тырысты.

Адамдар қалай сөйлеу керектігін сипаттай отырып, олар адамдар негізінен қалай сөйлейтінін сипаттап берді. Америкада өмір сүретін орфоэпист былай жазуы мүмкін: «Куба (Cuba) сөзінің соңына *r* дыбысын қосып оқуға болмайды». Олай болса, болашақ ғалымдар кейбір ағылшындар бұл сөзді солай оқыған деп ойлауы мүмкін. Ертеректегі айтылымдарға байланысты мәліметтерді әдебиеттерде кездесетін каламбурлар мен ұйқастардан ала аламыз. Егер дауыстылар мен соңғы дауыссыздар бірдей болса, сөз ұйқасады.

Шекспирдің Ромео мен Джульеттасындағыдай *found* етістігі мен *wound* зат есімін ұйқастырар болса, онда осы екі сөздің дауыстылары бір-біріне ұқсас болуы керек:

БЕНВОЛИО: ... 'tis in vain to seek him here that means not to be found.

РОМЕО: He jests at scars that never felt a wound.

Шекспирдің ағылшыны Елизавета дәуірінің ағылшын тілінің дыбыстық жүйесін қайта құруға көмектеседі. XI сонеттегі *convert* және *depart* сөздеріндегі ұйқас *er* -дің *ar* болып айтылғанын тағы бір рет дәлелдейді. Көп тілде жазба деректер мыңдаған жылдардан бұрын басталады. XV ғасырда баспа өнерінің пайда болуына байланысты жазба жұмысының өнімділігі артты. Қазіргі кезде жазба деректердің барлығын цифрлы форматқа енгізу оларды компьютерде талдауға мүмкіндік бермек.

Тапсырманың 4%-ы ғана орындалса да, қамтылған 500 миллиард сөздің 361 миллиарды – ағылшын, 45 миллиарды – француз, 45 миллиарды – испан, ал екі миллиардқа дейін ежелгі еврей тілінің сөздері болды. Бұл мәліметтерге сүйене отырып, лингвистер компьютерлердің көмегімен сөздердің ерте кезде қалай айтылғанын біле алады. Ертеректе жазылған деректердегі сөздердің айтылуы қазіргі тілдердің ежелгі формаларының дыбыстық жүйесі туралы көптеген мәлімет бере алады. Екі бөлек оқылатын сөз екі бөлек айтылған болуы керек. Бірнеше орфографиялық контраст анықталғаннан кейін олардың нақты айтылуын жобалап білуге болады.

Тілдік өзгерістер мен тілдің ертеректегі формалары туралы білімді тереңдету үшін жазба мәтіндерге компьютерлік талдаумен қатар, салыстырмалы тәсілдерді де қоса жүргізген жөн. Жазба деректер арқылы анықталған диалектілік айырмашылықтар бірнеше диалектідегі түрлі сөздердің айтылуын салыстыруға мүмкіндік береді. Осыған сүйене отырып, ертеректегі формалар жөнінде білумен қатар, дыбыстар қатары мен фонологиялық ережелерде қандай өзгерістердің болғанын көре аламыз. Ілгеріде итальяндық үш диалектіге қатысты осындай бір жағдайды талқылаған болатынбыз. Көптеген мәліметтерге сүйене отырып жүргізген мұндай талдаулар тілдің бұрынғы формалары туралы терең мәлімет берумен қатар, қазіргі формалардың қалай дамығанын нақты айтып бере алмақ.

Жазбаша деректері бар тілдермен жұмыс істейтін тарихи компаративистердің міндеті ауыр болғанмен, еш жазба дерек жоқ тілдер арасындағы генетикалық байланысты анықтауға тырысып жатқан ғалымдармен салыстырғанда жеңілірек. Лингвистер алдымен барлық тілден алынған көптеген тілдік ақпаратты түсіндіруі керек. Оларды фонологиялық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан талдайды, кездейсоқ немесе басқа сөзден ену нәтижесінде пайда болмаған, сөздік қордағы дыбыстық сәйкестіктер арасындағы негізгі байланысты анықтайды. Тек содан кейін ғана салыстырмалы тәсілді кейбір өлі прототілдерге қатысты қолдана аламыз. Осылай жалғастыра отырып, лингвистер байырғы америкалық тілдер арасында бірқатар байланысты анықтады және америндтердің ата тілдерінің қайта құрылуын сәтті аяқтады. Афро-азиаттық, ніл-сахара, нигерия-конго және койсан деген үлкен төрт топқа бөлінетін, Африкада қолданылатын, құрлықтың солтүстігінен оңтүстігіне дейін жайылып жатқан көп тілге де осы тәсілді қолдана отырып, нәтижеге қол жеткізуге болады. Мысалы, Сомали – афро-азиаттық топқа, зулу – нигер-конголез тобына, Оңтүстік Африкада қолданылатын готтентот тілі койсан тобына жатады.

Жаңа нәтижелер мен талдаулар қажет еткен жағдайда, бұл топтық бөлінуді қайта қарауға тура келеді. Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы байырғы америкалықтардың тілі туралы



да осылай деуге болады. Барлық тілге тән болмаса да, кейбір тілдер «жартылай өледі», яғни шіркеу тілі сияқты нақты бір жағдайларда ғана сақталады. Латын және ежелгі еврей тілі – осындай тілдер. Латын тілі роман тіліне көшкеннен кейін, IX ғасырда латын тілін күнделікті өмірде қолданатын бірді-екілі адам ғана қалды. Қазір оны тек ғылыми және діни мәтіндерде ғана қолданады.

Уақыт өткен сайын байырғы америкалықтардың тілінде сөйлейтіндердің саны азайып келеді. Америка Құрама Штаттарында сақталған байырғы тілдердің тек 20%-ын ғана балалар үйренуде. Жүздеген тіл жазбаша немесе ауызша тіл ретінде жоғалды. Алғашқы еуропалық байланыс болған 1500 жылдары Америка құрлығында 1000-нан астам байырғы тіл болды. Кезінде кеңінен қолданылған команче, апачи, чероки сияқты тілдерде қазір аз ғана адам сөйлейді.

Мүлде жоғалып кеткен тілдер де бар. Хетт және тохар сияқты үнді-еуропа тілдері қазір жоқ. Хетт тілі 3200 жыл бұрын, ал тохардың екі диалектісі де б.з.д. 1000 жылы жоғалды. Диалектілер де өледі. 04.10.2012 ж. Ассошиэйтед пресс агенттігінен алынған үзіндіге назар аударайық:

LONDON – In a remote fishing town on the tip of Scotland’s Black Isle, the last native speaker of the Cromarty dialect has passed away, taking with him a little fragment of the English linguistic mosaic. (Лондон – Шотландияның Қара аралының бір шетінде, алыста орналасқан балықшылар қаласында Кроиарти диалектісінде сөйлейтін соңғы адам көз жұмды. Ол өзімен бірге ағылшынның лингвистикалық өрнегінің бір бөлігін де ала кетті).

Лингвистердің көбі АҚШ-тағы диалектілердің көбі жоғалудың аз-ақ алдында тұр деп есептейді. Мысалы, социолингвист Уолт Вольфрам солтүстік Каролинаның Окракок аралында қолданылатын диалектіні зерттеуде. Бұл зерттеуді жүргізудің бір себебі – көптеген жас окракоктықтар аралдан басқа жерге көшіп жатқандықтан, диалект жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұр. Бұл құбылысты диалектінің біртіндеп өлуі деп атайды. Аралдың ерекше табиғаты мен аралдағы адамдардың біртүрлі сөйлейтінін тамашалауға келген демалушылар мен зейнеткерлер бұл диалектіде сөйлейтіндермен араласып кетіп жатыр.

Лингвистер көптеген тілді жоғалып бара жатқан тілдер тізіміне енгізді. Олар бұл тілдерді олардың грамматикасын – фонетикасын, фонологиясын және т.б. зерттеп, құжатқа түсіре отырып және осы тілде сөйлейтін соңғы бірнеше адамның әңгімелерін таспаға жаза отырып сақтап қалғысы келеді. Әр тіл өзінің грамматикасы арқылы адам танымының табиғаты туралы мәлімет береді. Әдебиетте, поэзияда, діни жоралғыларда және сөздің құрылымында тілдер мәдени құндылықтар жөніндегі ақпаратты сақтап қалумен қатар, адам үшін ерекше болашақты алға тартады. Тілдің жоғалуы – өте қайғылы жағдай. Өйткені жоғарыда атап өткен қасиеттер ғана емес, мәдениеттің өзін сақтап, жаңартып отыруына қажетті негізгі тәсіл де жоғалады.

Тілді сақтап қалу тек тіл білімі мамандарының ғана ісі емес. Тілдік клубтардың, кейде мемлекеттердің қолдауымен ересек адамдар мен балалар жоғалып бара жатқан тілдерді өз мәдениетінің белгісі ретінде үйреніп жатыр. Gael Linn – ересек адамдарға арнап гэль тілін үйрететін Ирландиядағы жеке мектеп. Ирландия мен Солтүстік Ирландиядағы жүздеген жалпы орта мектепте сабақ тек гэль тілінде жүргізіледі. АҚШ-тың Гавайи штатында аралдың ана тілі – гавайи тілін үйретіп, сақтап қалу қозғалысы жолға қойылуда. Тілдің жоғалуын тоқтату немесе бәсеңдетуге деген мұндай талпынысты Квебектегі француз тілінен де байқаймыз.

1961 жылы Квебекте қолданылатын француз диалектісін стандарттау мақсатында Квебекте француз тілі кеңсесі ашылғанымен, олар басқа француз тілінде сөйлейтін адамдарды түсіне алмай қалуымыз мүмкін деген қорқынышпен ол істі әлі бастай алмай отыр. Өйткені олар стандарттау квебектіктерді лингвистикалық тұрғыдан шеттетіп, Канададағы француз тілінің жоғалуына алып келеді деп ойлайды. Керісінше, түрлі ұйымдар диалектінің орнына француз тілін алға жылжыту үшін бар мүмкіндікті пайдаланып келеді.

Өлі тілдің қайта пайда болуының таңғаларлық мысалы ретінде Израильді атауға болады. Ғасырлар бойы классикалық ежелгі еврей тілі тек діни жоралғыларда ғана қолданылып келсе, бүгінгі күні біраз жаңашылдық енгізілуінің нәтижесінде ол Израильдің ұлттық тіліне айналды. Израильдегі Еврей тілі академиясы адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған ерекше іс атқарды. Олар адамдардың күнделікті қажетін өтеу үшін ежелгі жазба тілді қайта тірілтті. Тілге жаңа сөз қосу үшін жиырма үш лексикограф Инжіл және Талмудпен жұмыс істеді. Тілді «таза» сақтауға байланысты біраз талпыныс болғанымен, академия халықтың қалауына тосқауыл



болмады. Осыған байланысты hamcha'ah деген сөзді ұсынғанымен, жекеше түрде check [tʃɛk] деп аталатын банктік чек сөзіне еврейлік – im көптік жалғауын жалғау арқылы check-im ретінде қолданады. Сол сияқты s'faton сөзінің орнына lipstick, chalifat-sheinah (сөзбе-сөз: ұйықтайтын киім) сөзінің орнына rajama сөздері қолданылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы да жоғалып бара жатқан тілдерге қатысты алаңдаушылық білдіруде. 1991 жылы UNESCO төмендегі қарарды қабылдаған болатын:

As the disappearance of any one language constitutes an irretrievable loss to mankind, it is for UNESCO a task of great urgency to respond to this situation by promoting ... the description – in the form of grammars, dictionaries and texts – of endangered and dying languages. (Қандай да бір тілдің жоғалуы адамзат үшін орны толмас шығын әкелетіндіктен, жоғалып бара жатқан тілдердің грамматикасы мен сөздігін сипаттауарқылы бұл жағдайды бақылауға алуды ЮНЕСКО өзінің міндеті деп санайды.)

Жоғалып бара жатқан тілдерді құжаттандырып сақтап қалу тек әлеуметтік және мәдени тұрғыдан ғана маңызды емес. Бұл тілдерді зерттеудің ғылыми себептері де бар. Көптеген тілді зерттей отырып, лингвистер тілдің әмбебап және ерекше қасиеттерін түсіндіріп беретін тілдің жан-жақты теориясын жасай алмақ.

Біз тілдер қалай бір тілден пайда болатынын, тарихи және салыстырмалы лингвистер тілдерді герман немесе роман тілдер тобы деп қалай бір тілдік топқа жатқызатынын, олар ата тілдердің ертеректегі формаларын қалай қалпына келтіретінін талқыладық. Дүниежүзіндегі тілдерді зерттеген кезде олардың жақын немесе жақын еместігін көрсететін ұқсастықтар мен айырмашылықтарды іздейміз. Адам генеологиясы жайлы метафораға сүйене отырып, ағылшын, неміс, норвег, дат, швед, исланд тілдерін туыс тілдер деп есептейміз. Өйткені олардың ата тілі бір және герман тілдеріне жатпайтын француз, орыс сияқты тілдерге қарағанда бір-біріне аса жақын.

Латын тілі тобына жататын роман тілдерін де туыстас тілдер дейді. Туыстас тілдер туралы метафораны ары қарай қолданатын болсақ, герма және роман тілдері бір-біріне жиен екенін көреміз. Олай болса, грек, армян, албан, тіпті өлі тілдер қатарындағы хетт және тохар тілдерінің өзі де – алыс туыстар. Ата тілі саналатын кельт тілін кезінде Еуропа мен Британ аралдарында жаппай қолданған. Ирланд, гэль, валлий және бретон тілдері туралы да осылай деуге болады.

Бретон тілінде қазір Францияның солтүстік-батыс жағалауында орналасқан Бретань провинциясында сөйлеседі. Бұл тілді ол жерге VII ғасырда Британиядан келген кельттер жеткізген.

Орыс тілі де оның туыстары болгар, серб-хорват, поляк, чех және словак тілдері сияқты алыс туыстар болып келеді. Балтық жағалауының тілі литва тілі мен оның туысы латыш та ағылшын тіліне жақын. Алайда көрші эстон тілінің жақындығы жоқ. Санскрит тілі географиялық тұрғыдан алыс орналасқанымен, Сэр Уильям Джонстың көрсетуінше, туыс тіл. Негізінен Оңтүстік Африкада қолданылатын оның үрім-бұтақтары хинди мен бенгал тілі алыстан болса да ағылшынға жақын. Иранда – фарси, Ауғанстанда дари деп аталатын парсы тілі де Иран, Ирак, Түркияда қолданылатын – күрд, Ауғанстан мен Пәкістанда қолданылатын пушту тілі сияқты ағылшынның алыс туысы. Демек, эстон тілінен басқасының барлығы азды-көпті болса да бір-біріне туыс, өйткені, олардың барлығы үнді-еуропа тілінен бастау алады.

Берілген сурет – тілдердің генеологиялық және тарихи жіктелімін көрсететін үнді-еуропа тілдері тобының қысқартылған түрі. Бұл диаграмма сәл қарапайым. Мысалы, бұл сурет бойынша барлық славян тілдері туыстас. Шындығында, берілген тоғыз тілді маңыздылығына қарай бір-біріне аса жақын тілдерден бастап көрсетуге болады. Басқаша айтсақ, тоғыз славян тілінің бөлініп кетуіне себеп болған жағдайлар тарихта бірнеше рет болыпты. Мұндай жағдайды үнді-еуропа сияқты басқа тілдер тобынан да байқауға болады. Суретті жеңілдеткен тағы бір нәрсе – өздерінен еш тіл тармаған тілдер бұл сызбаға енгізілмеген.

Үнді-еуропалық хетт және тохар тілдерінің сондай тілдер екенін айтқан болатынбыз. Бұл сызба қазіргі тілдердің дамуы негізделген бірнеше орталық сатыны да көрсетпеген. Тілдер ғайыптан пайда бола салмайды. Сондықтан жай бір генеологиялық ағашпен салыстырудан пайда жоқ. Сондай-ақ бұл диаграммаға сыймағандықтан, кейбір үнді-еуропалық тілдер көрсетілмей қалған. Дүниежүзіндегі тілдердің көбі үнді-еуропа тілдеріне жатпайды. Лингвистер мұндай тілдерді де олардың генетикалық байланысына қарай жіктеуге талпынып көрді.



Олардың міндеті – тілдік топ құра алатын тілдер мен олардың арасындағы байланысты анықтау.

Лингвистерге ұдайы қойылатын екі сұрақ бар: «Сіз қанша тіл білесіз?» және «Әлемде барлығы қанша тіл бар?» Екеуіне де нақты жауап беру оңай емес. Лингвистердің көбі бірнеше тілмен таныс болса, көбі полиглоттар, яғни бірнеше тілде сөйлеп, түсінісе алатын адамдар. 1519–1558 жылдар аралығындағы Римнің әулие императоры V Чарльз полиглот болған. Ол: «Испан тілінде – Құдаймен, итальян тілінде – әйелдермен, француз тілінде – еркектермен, неміс тілінде аттарыммен сөйлесемін», – деген екен. Екінші сұраққа келер болсақ, дүниежүзіндегі тілдердің нақты санын айту мүмкін емес, өйткені, алдыңғы дәрісте сөз болғанындай, ненің тіл, ненің диалект екенін анықтайтын нақты меже жоқ.

Аз уақыт бұрын жасалған зерттеулер Encyclopedia Ethnologue: Languages of the World этнологиялық энциклопедиясына сүйене отырып, дүниежүзінде 7000-ға жуық ауызша тіл бар екен деген тоқтамға келді. Энциклопедия өз тілі бар барлық құрлықта 130 ым тілі бар деп есептегенімен, бұл нақты сан емес және оның саны бұдан да көбірек болуы мүмкін. Тек Лос-Анжелестің өзінде 80-нен астам тілде сөйлейді. Голливуд мектебінің оқушылары үйлеріне келген соң ата-аналарымен амхар, армян, араб, маршалль, урду, сингаль, ибо, гуджарати, хмонг, африкаанс, кхмер, украин, камбоджа, испан, тагаль, орыс және т.б. тілдерде сөйлеседі.

Қай тілдер генетикалық жағынан туыстас, қайсысы туыс емес дегенді анықтау өте қызық. Сонау алыстағы Непалдың непал тілі үнді-еуропа тіліне жатса, еуропалық тілдердің ортасындағы венгер тілі бұл топқа жатпайды. Кейбір тілдердің қолданыстағы басқа тілдермен айта қоярлықтай генеалогиялық жақындығы бола бермейді. Оларды оқшау тілдер деп атайды. Жапонияның Хоккайдо аралының айну тілі, оңтүстік-батыс Америкада қолданылатын зуни тілі энциклопедияға кірген оқшау тілдердің қатарында. Көптеген ым тілдер де оқшау тілдер.

Біз тарихтың терең қойнауында жатқан, біреулер ностратикалық тілдер деп ат қойып, айдар таққан бір ғана ата тілден дүниежүзінің барлық тілдері тарап шығуы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз. Осы тақырыпқа қызығушылық білдірген оқырмандар Берклидегі Калифорния университетінің оқытушысы Джоанна Николстың жазбаларын оқи алады. Әрине, ностратика сөзін теру арқылы гуглден де көптеген мәлімет таба алады.

Үнді-Еуропа тілдерімен қатар, орал-алтай тілдері де Еуропа құрлығында кеңінен таралған. Венгер, финн және эстон тілдері осы топтың ең ірі мүшелері.

Афро-азиат тілдер тобы – Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс тілдерін қамтитын үлкен тілдік топ. Оған қазіргі еврей, араб тілдері сияқты семит тілдерімен қатар, Інжіл пайда болған кезде қолданылған арамей, вавилон, ханаан және моавит тілдерін жатқызуға болады.

Сино-тибет тілдер тобына дүниежүзіндегі ең көп, яғни бір миллиардтан астам адам сөйлейтін мандарин тілі жатады. Бұл топқа бирма, тибет тілдері де кіреді.

Африкадағы тілдердің көбі дүниежүзіндегі тілдердің бестен бірін құрайтын нигер-конголез тілдер тобына жатады. Оған кордофан және атлантикалық конго деп аталатын кіші тілдік топтарға жататын тоғыз жүзден астам тіл кіреді. Соңғысына суахили және зулу сияқты жеке тілдер де жатады.

Саны жағынан бұдан кем түспейтін австронезиялық топқа Мадагаскардан Африка жағалауына, одан Гавайиға дейінгі үлкен аумақты қамтитын 1300 тіл кіреді. Гавайи тілі де Жаңа Зеландияда қолданылатын маори, Филиппин аралдарының тагаль, Малайзия мен Сингапурда қолданылатын малай тілдері сияқты австронезия тілдер тобына жатады. Ең қызығы, транс-жаңагвинеялық деп аталатын ірі тілдер тобы Жаңа Гвинеяның азғантай аумағы мен көрші аралдарды қамтумен қатар, көбі папуа тілдері болып келетін бес жүздей тілден тұрады. Демек, үш тілдік топ дүниежүзінде сөйлейтін тілдердің жартысын құрайды.

Солтүстік және Оңтүстік Америкада ондаған тілдік топтар мен жүздеген тілдер болды. Бұл тілдік топтар арасындағы генетикалық байланыс туралы білім өте аз. Көптеген тіл жоғалудың аз-ақ алдында тұрғандықтан, лингвистердің үнді-еуропа тілдеріне жасаған жетістігін америндік тілдерге де қайталайды дегенге сенім аз.

Тілдерді жіктеудің жолы көп. Осы дәрісте сөз болған тілдерді жіктеудің бір жолы – генетикалық жіктеу жолы. Бұл тәсіл адамдардың туыстық қатынасын қан арқылы анықтау сияқты зерттеледі. Жіктеудің тағы бір жолы – олардың тобына қарамай, белгілі бір лингвистикалық сипаттарына сай топтау. Адамдар тұрғысынан алып қарар болсақ, бұл тәсіл



олардың ұзындығы, салмағы, саяси көзқарасы, діні, байлығы және т.б. сай жіктеу дегенді білдіреді.

Осы дәрісте тілдерді жіктеудің түрлі жолын қарастырдық. Фонологиялық тұрғыдан алып қарар болсақ, екпінді (тай) және екпінді емес тілдер бар (ағылшын). Дауысты фонемалардың саны, айталық, үштен онға дейін болатын тілдер бар. Тілдерді дауыссыздардың саны мен сапасына және қандай дауыссыздар мен дауыстылар буын жасауға қатыса алады деген мәселе төңірегінде де топтауға болады. Жапон және гавайи тілдерінде буын саны аз ғана болса (негізінен CV/дауыссыз+дауысты және V/дауысты), ағылшын мен көптеген үнді-еуропа тілінде оның саны жетерлік. Тілдер екпінді фонетикалық тұрғыдан да (ағылшын) немесе басқаша жағдайда (француз) да қолдана алады.

Морфологиялық тұрғыдан келер болсақ, тілдерді етістіктер мен зат есім морфологиясы мәселесі төңірегінде топтастыруға болады. Мысалы, вьетнам тілінде сөздің морфологиясы жоққа тән, сондықтан, ондағы сөздердің барлығы дерлік бір морфемді. Сондай-ақ зат есімдерде көптік жалғауы, етістіктерде жақ аффикстері жоқ. Мұндай тілдерді аналитикалық тілдер деп атайды. Ағылшын тілі сияқты тілдерде ежелгі ағылшынмен, латынмен немесе қазіргі орыс тілімен салыстырғанда морфологияның саны онша көп емес. Бір сөзде бірден көп морфемасы бар тілдерді синтетикалық тілдер деп атайды. Лингвистер полисинтетикалық деп атайтын тілдер морфологияға бай, тек бір сөздің өзінде оннан көп аффикс бар және олар бір ағылшын сөйлемінің семантикасын жеткізе алады. Солтүстік Американың көптеген байырғы халықтарының тілі полисинтетикалық және оған могаук, чероки және меномини тілдері кіреді. Мысалы, меномини тіліндегі *paehtāwēwesew* сөзі 'He is heard by higher powers', яғни «оны тылсым күштер естиді» дегенді білдіреді.

Кейбір синтетикалық тілдер агглютинативті болғандықтан, сөздің түбіріне бірнеше жалғау үстеу арқылы сөз туындайды. Жалғауларды сөзден оңай бөліп алуға болады, олар үнемі бір мағына береді. Флективті синтетикалық тілдерде морфемалардың бірігіп кететіні сонша, олардың бастапқы формасын айырып білу қиын. Испан сияқты көптеген үнді-еуропа тілдері осындай. 'I speak' (мен сөйлеймін), 'they speak' (олар сөйлейді), 'I spoke' (мен сөйледім) дегенді білдіретін *hablo, hablan, hablé* сөздерінде аффикстер шақ пен жақты білдіріп тұр: – o: бірінші жақ, жекеше, осы шақ, an: үшінші жақ, көпше, осы шақ, – e: бірінші жақ, жекеше, өткен шақ. Аффикстер жеке тұрып бұл мағынаны білдіре алмайды.

Лексикалық тұрғыдан алып қарар болсақ, тілдерді ағылшын тіліндегідей the немесе a артиклі бар немесе жоқ деп жіктеуге де болады. Немесе олардың есімдік жүйесі, жақ, шақ, текке байланысты қандай ерекшеліктері бар, отбасы мүшелерін сипаттайтын қандай сөздер бар, олардың зат есімі неміс тіліндегідей ер (masculine), әйел (feminine) және бейтарап (neuter) деп бөліне ме немесе суахили тіліндегідей зат есімнің бірнеше табы бар ма деген мәселелерге қатысты жіктеуге болады.

Тілдер қалай және неге өзгертінін ешкім де тап басып айтып бере алмайды. Айтып өткеніміздей, лингвистикалық өзгерістер кенеттен болмайды. Спикерлер бір күні таңертең тұра салысымен бұқаның еті дегенді ағылшын тілінде *beef* деген сөз арқылы білдірейік деген шешімге келмегені белгілі немесе бір жылда туған балалардың барлығы жаңа сөз ойлап табуы мүмкін емес. Өзгерістер, әсіресе фонологиялық және синтаксистік жүйеде болатын өзгерістер біртіндеп жүзеге асады. Кейбір адамдар үшін өзгерістер лезде пайда болады.

Ол сөзді үйренген кезде сөйлемде біртіндеп қолданғанындай баяу үйренбейді. Тілді үйренуші адам жаңа грамматикалық ережені үйренген кезде оны білуі де, білмеуі де мүмкін. Әлеуметтік немесе сыртқы факторлардың себебінен басында бұл ережені кейде қолданса, кейде қолданбайды. Бірақ қолда бар ережені пайдаланған жөн.

Тілдегі өзгерістің негізгі себебі балалардың тілді үйрену әдісіне байланысты. Балаға ешкім грамматикалық ережелерді үйретпейді. Ол өз ана тілінің грамматикасын өзі білетін лингвистикалық білімге сүйене отырып құрастырады. Тіл үйренуге арналған дәрісте сөз болғанындай, бала тілінің дамуы ересек адамдар сияқты грамматиканы игеріп болғанға дейін бірнеше саты бойы жалғасады. Баланың қолданатын грамматикасы ересектерге ұқсамайды. Өйткені олардың лингвистикалық білімі өзгеше. Олар кейбір ережелерді жеңілдетіп жіберсе, кейбірін шектен тыс күрделендіріп жібереді. Ал сөздік қорды жылдар бойы жинайтындықтан, онда аса бір өзгешелік бола бермейді.



Ересек адамдар кейбір ережелерді өз қалауынша қолдануы мүмкін. Мысалы, кейбір кезде олар «It's I» десе, кейбір кезде «It's me» дейді. Балалар әдетте бейресми форманы қалайды, демек болашақ ұрпақ ретінде олар есімдіктің «me» формасын ғана қолдануы мүмкін. Ондай жағдайда грамматикаға өзгеріс енеді. Кейбір өзгерістерді оңай түсіндіріп беруге болады. Теледидар пайда болғанға дейін ондай сөз болған жоқ. Бұл кейіннен барлығы білетін лексикалық бірлікке айналды. Кірме сөздердің де пайдасы зор болуымен бірге, олардың тілге енуі құпия жағдайда болмайды. Ағылшын тіліндегі ірі дыбыстық алмасу сияқты басқа өзгерістерді түсіндіру қиындау.

Ауыз толтырып айта кететін тағы бір дыбыстық өзгеріс ассимиляция деп аталады. Бұл – бір дыбыстың жанындағы екінші дыбыстың айтылуына әсер ететін артикуляциялық процесс. Мысалы, мұрынжолды дауыссыздардың алдына келген дауыссыздар мұрынжолдыға айналады. Өйткені дауысты дыбысты айтпас бұрын мұрынжолды дыбыс үшін жұмсақ таңдайды төмен түсіру оңай. Дауысты дыбыс мұрынжолдыға айналғаннан кейін дауыссыздың шығарып тұрған дыбысын мұрынжолдыға айналған дауысты тура солай шығара алады. Қажет емес дауыссыз енді айтылмайды. Әлемнің көп тілінде бар еріндік және мұрынжолды дыбыстардың арасындағы айырмашылық тура осындай тарихи өзгерістің нәтижесінде пайда болған.

Ассимиляциямен балама өзгерістер кейбір лингвистикалық өзгерістерді түсіндіре алғанымен, барлығын қамти алмайды. Грамматиканың қарапайымдануы мен бірізділенуі сияқты жетілдіру мен күрделендіру құбылысы да болып жатады. Ежелгі ағылшын тілінің синтаксистік ережелері сөздің қатаң орын тәртібін енгізуімен күрделене түссе, септік жалғаулары қарапайымдана түсуде. Тілдегі өзгерістердің барлығы екеуінің тепе-теңдігін сақтайды. Тілдік байланыс та тілдік өзгеріске бастайды. Мұндай жағдайда жаңа сөздер еніп, лексикалық өзгерістер болса, жаңа фонеманың пайда болуына байланысты фонологиялық өзгерістер болады.

Алдыңғы дәрістерде айтып кеткеніміздей, /v/ дыбысы ағылшында норман шапқыншылығынан кейін француз тілімен болған тығыз байланыстың нәтижесінде пайда болды. Көптеген фактор лингвистикалық өзгерістерге алып келеді: грамматиканың қарапайымдануы, тіл түсінікті болу үшін оны жетілдіру, кірме сөздер және т.б. Өзгерістерді тілді үйреніп, оны грамматикамен сабақтастыратын балалар іске асырады. Лингвистикалық өзгерістердің нақты себебі әлі де болса көмескі болғанымен, балалардың үлкендердің тілін дұрыс үйренбеуі де өз үлесін қосатыны даусыз. Тіл сияқты барлық нәрсе өзгеруі мүмкін, өйткені, олар өзгеру үшін жаралған. Ғасырлар бұрын Гераклит айтып кеткендей, «Барлығы қозғалыста, ештеңе орнында тұрмайды. Ештеңе де өзгеріске қарсы тұра алмайды».